

Хаттама №1
«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ.
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Уақыты 15.01.2022

Жанатаң ауылы

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9
Мектеп директоры: -Н.К Дауылбаева
МДТІЖО- Г.Т Куатова
Хатшы- - Г.Т Куатова

Күн тәртібінде:

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.

2.Қамқоршылық кеңесінің максаты,бағыттары, функцияларымен таныстыру.

Тыңдалды: ТЖО Гулдаурен Куатова қамқоршылық кеңестің максаты мен міндеті туралы таныстырып өтті.) қамқоршылық кеңестің максаты:білім беру ұйымына қолдау көрсету,қаржылық қолдауды қамсыздандыруда ,материалдық –техникалық базасының нығайуына септесу,сондай-ақ ,оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты .Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттарымен функцияларымен де таныстырып өтті.Қамқоршылық кеңесінің бағыттары:білім беру ,әлеуметтік-мәдени ,сауықтыру ,дамыту бағыттарындағы іс –шараларға көмек көрсету.Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен мен жұмыспен қамтылуын жақсарту.Білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Жалпы ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланған болатын, Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және құқық қорғау өкілдері,комерциялық емес ұйымдардың өкілдері ,ата-аналар комитеті ұсынған әр сынып ата-аналары,қайырымдылық жасаушы (спонсорлар)бар екендігін айтты. Бүгінгі жиналыстың максаты қамқоршылық кеңестің төрағасын,хатшысын сайлау керектігін айтты.

Сөйлеушілер: Әбілқайыр Айгүл (ата-аналар комитетінің төрағасы) қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау үшін мектептен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар,бос уақыты бар кісі керек екендігі айтылды.

Сөйлеушілер: Қарманов Мұхтар (Қайырымдылық жасаушы) жеке кәсіпкер Оразғалиев Мейрамбек үнемі мектеппен байланыс жасап тұратындығын айтып,төрағасы болып қайта сайлануына ұсыныс жасады.

Сөйлеушілер: Мектеп басшысы Н.К Дауылбаева кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, спонсрлардың мектептің материалдық базасының нығайуына өз үлестерінің қосатынына сенім білдірді.

Шешім :

1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Оразғалиев Мейрамбек сайлансын.

2.Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру,қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын .

3.Мектептің материалдық базасының нығайуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін .

Хатшы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Комиссия мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Аксақалдар алқасының мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Қайырымдылық жасаушы:

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ата-ана:

Комиссия мүшесі:

Г.Т Куатова

М.А. Оразғалиев

Е.Т. Жексенбаев

Г.Ж Курамысова

Қ. Бәйдіров

М.Н. Карманов

С.К Сарсекенов

А.Т Әбілқайыр

И.А. Бекенова

Ү. Қалқаева

Хаттама №3

«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ.

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Уақыты: 23.05.2022

Жанатан ауылы

Қатысқандар қамқоршылық кеңестің 9 мүшесі

Мектеп директоры-Н.К. Дауылбаева

МДТІЖО-Г.Т. Куатова

Хатшы-Г.Т. Куатова

Барлығы-12 адам

Күн тәртібіндегі мәселелері:

1. Оқу жылының қорытындысы. «Бала денсаулығы мен өмірі, ата-ана жауапкершілігі.

2. «Күншуақ-2022, мүмкіндіктер уақыты» атты лагерьге атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балаларын ұсыну туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Т. Куатова сөз бастады. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертен есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны өскен сайын жол апаттары да арта түсуде. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінәсінен болатын оқыс оқиғалар саны едәуір көп. Оның ішіндегі жас балалардың апатқа жиі ұшырайтыны: жастай өмірмен қоштасып, орны толмас өкінішке әкелетіні немесе ауыр жарақат алып, кейбірі өмірлік мүгедек болып қалуы мүмкін. Оның себептері: көптеген оқушылар жолда жүру ережесін сақтай білмеуінде. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Асыға жолға жүгіріп шыққан баланың қауіпке ұшырайтыны, өзіне ғана емес, өзгенің де өміріне қатер төндіретіні баршаңызға мәлім. Осындай оқиғаларды болдырмас үшін мектепте мұғалім, үйде ата-ана балаға үнемі жолда жүру ережесін ескертіп отыруы міндетті. Әдетте кез келген ата-ана балаларды мектепке шығарып саларда «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» деген ескертуден аса алмайды. Бұл - әрине, жеткіліксіз.

Бастауыш сынып оқушысы үшін үйден мектепке дейінгі жол қиындықтарын білуі тиіс. Сол үшін ата-анасы баласына жол-жөнекей кездесетін қиындықтарға, жол белгілеріне көңіл бөліп, үйреткені дұрыс. Жол көлікпен қатынасатын оқушыға ата-анасы жол қиылыстарынан өтуді, көлік толық тоқтағанда түсіп, мінуіне болатынын, өз аялдамасын дұрыс білуін, бөтен көлікке отырмауын ескеріп отырғаны жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының күнделігінің алғашқы беттері, яғни баланың аты-жөні, мектебі, сыныбы, мекен-жайы, үй телефоны, әке-шешесінің ұялы телефондары, мектеп телефоны толық жазылып, баланың фотосы жапсырылуы тиіс. «Менің мектепке барар жолым» кестесі анық сызылып, қандай көшелерден, қандай қиылыстан, қай үйлердің арасынан жүретіні қызыл бағытпен сызылып көрсетілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының әсіресе 1-2

қамтылған көп балалы отбасы балаларының ішінен бір оқушыны күншуақ лагеріне жіберу керекпіз. Осы мәселені ойлана келе Әділжановтар отбасынан 8-сыныптың бір оқушысы Әділжанова Еркеназды ұсынығым келеді. Себебі оқушы көп балалы отбасының оқушысы, әрі пәндік олимпиадалардың аудандық облыстық жеңімпазы. Оқушының тәртібі мен тәрбиесіне көпшілік тәнті. Лагерге ұсынуға тұрарлықтай оқушы деді.

2-мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы Әбілқайыр Айгүл өз кезегіне сөз алды. Күншуақ лагеріне атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы, аз қамтылған, көп балаы отбасынан шыққан балалардың бару керек екенін естіп біліп отырымыз. Аталған санаттағылардың бірі көшіп кеткен, енді бірінің анасы денсаулық жағдайыма байланысты балаларымды ешқайда жібере алмаймын деп қолхатын беріп жатса, менде Әділжановтар отбасының бір баласының барғанын қолдаймын. Себебі бұл отбасы көп балалы әрі, өте дарынды, жан-жақты. Осы отбасының балалары осы аты аталған лагерге барса, басқа да оқушыларға үлгі болары сөзсіз деді.

Шешім:

1. Мектеп пен баланың заңды өкілдері арасында келісімшарт жасауды ұйымдастыру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
2. «Күншуақ-2022; мүмкіндіктер уақыты» атты демалыс лагеріне көп балалы Әділжановтар отбасынан шыққан 8-сыныптың оқушысы Әділжанова Еркеназ Досымжанқызы жіберілсін

Хатшы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Комиссия мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Аксақалдар алқасының мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Қайырымдылық жасаушы:

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ата-ана:

Комиссия мүшесі:

Г.Т Куатова

М.А. Оразғалиев

Е.Т. Жексенбаев

Г.Ж Курамысова

Қ. Бәйдіров

М.Н. Карманов

С.К Сарсекенов

А.Т Әбілқайыр

И.А. Бекенова

Ұ. Қалқаева

Хаттама №4
«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ.
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Жаңатаң ауылы
Уақыты: 20.12.2022ж

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9
Мектеп басшысы : Н.К Дауылбаева
МДТІЖО : Г.Т Куатова
Хатшы. Г.Т Куатова
Барлығы-12

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілуін бақылау, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету, үлестіру жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, мүжәлсіз отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз ету.

Тыңдалды: ТЖО Г.Т Куатова өткізілген акциялар есебімен таныстырды 23.11.2021 ж 8-сыныптар арасында мектепшілік «Жаксылық жерде қалмайды » атты қайырымдылық акциялары өткізілді, оқушылар тәтті тағамдар пісіріп жәрменке ұйымдастып, барлығы 11.900 тенге акша түсті. Түскен қаражатқа аз қамтылған көп балалы отбасы балаларына заттай оқу-құрал жеңіл-желпі спорттық киім кешектер алынып берілді. Сонымен қатар Қызылбұлақ ауылдық округінің ижеке кәсіпкерлері Медетовтер отбасының 5 баласына бірдей қыс етік әкеліп кигізді.

Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Оразғалиев Мейрамбек осы заттарды ен мүжәлсіз деген отбасы балаларына үлестіру керек екенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің ұйғарымымен мынадай шешім қабылдады.

Шешім :

Қамқоршылық кеңесінің шешімімен Білім бөлімі жанынан келген спорттық киім-кешектер мен спорттық аяқ киімдер және оқу-құралдар аз қамтылған отбасының шыққан оқушылар мен көп балалы және табысы жан басына шаққанда жетпейтін отбасы балаларына берілді.

2. Жаңа жылдық шыршаға қамқоршылық кеңесінің шешімімен шыршаны безендіруге 5 мың көлемінде акша бөлінді .

3. Аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының ауыл маңындағы компаниялардан да жаңа-жылдық сыйлықтар әкелініп берілді.

Хатшы:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Комиссия мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Аксақалдар алқасының мүшесі:

Комиссия мүшесі:

Қайырымдылық жасаушы:

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Ата-ана:

Комиссия мүшесі:

Г.Т Куатова

М.А. Оразғалиев

Е.Т. Жексенбаев

Г.Ж Курамысова

Қ. Бәйдіров

М.Н. Карманов

С.К Сарсекенов

А.Т Әбілқайыр

И.А. Бекенова

Ұ. Қалқаева

ХАТТАМА № 2

Уақыты: 28.05.2022

Қатысқан адам саны: 9.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобаларының іске асырылу ерекшеліктеріне назар аудару
2. Жаңа мектеп ғимаратына «Туған елег» тағзым» акциясының ұйымастарылылу жолдарын қадағалау.

Тыңдалынды. Мектеп директоры Н.К Дауылбаева: Ең алдымен 2022-2023 жылы жаңа оқу жылының аяқталуымен барлығын құттықтады. Жаңа оқу жылының басталуы, мектептің 2023-2024 оқу жылының жоспарымен және ішкі тәртібімен таныстырды; «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектепте оқушыларды кітап оқуға ынталандыру мақсатында акциясын ұйымдастыруды ұсынды. Алдағы оқушылардың жазғы демалысы кезінде де онлайн кітап оқуды ұйымдастыру, немесе отбасылық оқырмандар сайысын ұйымдастыруды қадағалуды тапсырды.

Тыңдалынды. Қамқоршылық кеңес төрағасы-Оразғалиев Мейрамбек. Ауылымызға жаңа ғимарат салынды. Ғимаратқа мектеп үлектерімен байланыса отырып заттай керек жарақтар алынды. «Туған елге тағзым» акциясы бойынша есепіберіліп, әлеуметтік паракшаларға жарияланды. Сонымен қатар акция барысында түлекпен біздінарамызда ешқандай қаржылық байланыс болмады, тек заттай материалдық тұрғыда ғана болды.

Шешім:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасына демеушілік ұйымдастырылсын.
2. «Туған елге тағзым» акциясы үнемі ұйымдастырылып, қадағаланып отырылсын.

Кеңес төрағасы:

М.А Оразғалиев

Хатшы:

Г.Т Куатова

Мүшелері:

Курамысова Гулнар

Сарсекенов Болатбек Кенесович

Бекенова Ира Аскановна

Калкаева Умсынай Табынбаевна

Әбілқайыр Айгүл Тәжіғалиқызы

Карманов Мухтар Наурызғалиевич

Жексенбаев Ербол Танатович

Байдиров Канат